

ТУУЫ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
ҚАҒАМЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН КСРО-НЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

Сейсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Облысымыздың еңбекшілерінің өткен сайлаулардағы сыяқты, жергілікті Советтердің алдағы сайлауына да тыңғылықты әзірлене отырып, оны Коммунистік партия мен совет үкметіне, ұлы көсеміміз Сталин жолдасқа шексіз берілгендігінің демонстрациясы етіп өткізетіндігі сөзсіз.

алық

Советтерінің, тан кейінгі ары кезінде бай тәжірибе- ткен сайлау- ың түрлері- ың митингі- ыстарын, әң- т оқуды, лек- т және басқа- олып отыр. дүние жүзін- еституция — ұлы принцип- ы сайлауы жа- жетісу қы- ік қоғам мен ы артықшы- ыпериалистер- буржуазиялық і әшкерелеп ітшілер мен XIX съезінің ның арқауы у участка-

Жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік

Таңдаулы адамдарды ұсынды

Соколов орта мектебінің (Соколов ауданы) коллективі, оның партия және комсомол ұйымдары Сталиндік Конституцияда көрсетілген принциптерін пайдалана отырып, жергілікті Советтердің сайлауларын өткізетін комиссиялардың құрамына өздерінің таңдаулы адамдарын ұсынады.

Мектептің оқытушылар коллективі еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің сайлауын өткізетін № 5 Соколов сайлау округі комиссиясының құрамына — мұғаліма Таиса Ивановна Барзульных жолдасын кандидатурасын атады.

Жыйналыста бірінші болып сөз сөйлеген, Лапина жолдас былай деді:

— Жергілікті Советтердің сайлауы — советтік сайлау системасының дүние жүзіндегі ең демократияшыл сайлау системасының тағы бір салтанат етеді. Біз мектеп оқытушылары, облыстық Советтің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссиясының құрамына Таиса Ивановна Барзульных жолдасын лайықты кандидат

Көктемгі егіске әзірлік әрі тез, әрі сапалы жүргізілсін

Ленин ауданында көктемгі егіске әзірлік қарқыны баяу

Ленин ауданының кейбір алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары алдағы көктемгі егіске үлгілі әзірлік жүргізуде. Партиямыздың XIX съезінің қарарларымен жігерленген «Советский» колхозының (председателі Боярский жолдас) колхозшылары көктемгі егіске әзірлік жұмыстарында үздік табыстарға жетуде. Мұнда егіске барлық дақылдар бойынша сапалы тұқым дайындалған. Ауылшаруашылық құрал-саймандары түгел жөнделген етіп, жұмысқа әзір етілген. Жұмыс малдары осы күннен тыңғылықты күтімге алынған. Колхозшылар қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыру жөнінде де қажырлы күрес жүргізіп келеді.

Осы сыяқты, Сталин атындағы колхоздың егіншілері де көктемгі егіске мұқият әзірлік жасап, мол өнімнің негізін қалауда.

ауданда 25 декабрьге дейін 65,6 процент гана орындалды. Ал, Куйбышев атындағы МТС-те (директоры Потякин жолдас) 62,5 процент, Ильич атындағы МТС-те (директоры Букатин жолдас) 63 процент гана орындалды. Бұл МТС-те тіркеу саймандарын жөндеу ісі әлі шындап қолға алынбаған. Тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеудің қанағаттанғысыз жүргізілуінің басты себебі жөндеушілер арасында еңбектің дұрыс ұйымдастырылмауынан болып отыр. Механизаторлардың тең жартысы жөндеу жұмыстарына мүлдем қатыспайды.

МТС басшылары еңбек өнімділігін арттырып, машиналарды егіс жұмыстарына мұқият әзірлеудің тиісті шараларын белгілеп отырмайды. МТС партия ұйымдары жөндеушілер арасында үгіт-буқаралық жұмысын өз дәрежесінде жүргізбейді. Озат

Жоспар орындалды

Майбалық МТС-нің механизаторлары көктемгі егіске үлгілі әзірлену жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістеті отырып, тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеуде айтарлықтай табыстарға жетті. Жөндеу ісінде тораптық әдісті қолдану нәтижесінде олар тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің төқсандық жоспарын толық орындап шықты.

Тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеуде радиаторлар жөндейтін тораптық механизаторлары ерекше көзге түсті. Механизаторлар радиатор жөндеу жөніндегі төқсандық тапсырманы 15 декабрьде толық орындап шыққан болатын. Бәзір олар қол жеткен табысты баянды етіп, жөндеу жұмысының қарқынын барған сайын арттыра түсуде.

Моторлар жөндейтін тораптық жұмысшылары да төқсандық тапсырманы ойдағыдай орындады. Олар бірінші төқсанның есебіне бір мотор жөндеді. Механизаторлар

Жергілікті Советтердің сайлауы — саяси маңызы зор, жауапты науқан. Олай болса, істегі кемшіліктерді дереу жойып, сайлау алдындағы саяси-бұқаралық жұмысты кеңінен ұйымдастыру — партия ұйымдарының кезек күттірмейтін ең басты міндеті. Кәзір үгіт-бұқаралық жұмыс барлық жерлерде — кәсіпорындарында, колхоздарда, совхоздарда, мекемелерде, оқу орындарында және әсіресе, сайлаушылардың тұратын жерлерінде кеңінен жүргізілуге тиіс.

ССРО-ның, одақтас және автономиялық

барлық әсері еңбекшілердің саяси және өндірістік өрлеуін күн санап арттыра беру, шаруашылық науқандардың ойдағыдай орындалу, төменнен көтерілген сынды кеңінен өрістету мақсатына бағытталатын болсын.

Облысымыздың еңбекшілерінің өткен сайлаулардағы сыяқты, жергілікті Советтердің алдағы сайлауына да тыңғылықты әзірлене отырып, оны Коммунистік партия мен совет үкметіне, ұлы көсеміміз Сталин жолдасқа шексіз берілгендігін демонстрациясы етіп өткізетіндігі сөзсіз.

Ким Ман Сам жолдасты Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен наградтау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының

У К А З Ы

Туғанына 70 жыл толуымен байланысты және күршітен мол өнім алу ісіндегі еңбегі үшін Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы «Авангард» колхозының мү-

шесі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты **Ким Ман Сам** Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен наградталсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
Д. КЕРІМБАЕВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретары
Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы, 1952 жылғы 31 декабрь.

Жамбыл атындағы сыйлықтар беру

Қазақ ССР Министрлер Советі көрнекті әдебиет шығармаларына Жамбыл атындағы сыйлықтар беру туралы қаулы алды.

20 мың сом мөлшеріндегі бірінші сыйлық «Жамбыл — Ыстыбайдың немересі»

деген повесті үшін жазушы П. Кузнецова берілді.

10 мың сом мөлшеріндегі екінші сыйлықты «Гүлден, дала!» деген пьесасы үшін драматург Ә. Тәжібаевқа беруге ұйғарылды. (ҚазТАГ).

Преснов аудандық мәдениет үйі көркемөнершілерін наградтау

Көпжылдық еңбегі және көркемөнер жұмысына белсене қатысқаны үшін Солтүстік Қазақстан облысының Преснов аудандық мәдениет үйінің бір топ қызметкерлері Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы Жоғарғы Советтің грамотасымен наградтады.

Жоғарғы Советтің грамотасымен наград-

талғандар: П. Ф. Батырев — мәдениет үйінің директоры, көркемөнерпаздарының үйірмесіне қатысушылар М. З. Бекетова, П. Е. Воропаев, А. Л. Степанова, И. А. Таранов, П. П. Шухова, көркемөнершілер үйірмесінің көркемдік жағын басқарушы В. Е. Дробышев.

(ҚазТАГ).

барлық шараларын быйыл мінсіз жүзеге асыруға тиіс еді. Бірақ, істің барысынан бұл кемшіліктердің быйыл тағы да қайталануы отырғанын көреміз.

Жаңа бесінші бесжылдық жоспарға сәйкес быйыл аудан колхоздарында егіс көлемі, оның шығымдылығы едәуір арттырылғалы отыр. Бұл істе машина-трактор станцияларының зор ролі атқаратыны мәлім. Алайда, аудан МТС-терінде тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеп, егіске әзірлеудің жайы мүлдем қанағаттанғысыз.

Трактор жөндеудің тоқсандық жоспары

Болхоздағы үгіт пункттері көзірдің өзінде сайлаушылардың мәдени тыңғу орталығына айналып отыр. Үгіт пункттері сайлау Ережесі, ССРО және Қазақ ССР Конституцияларымен, сол сыяқты, басқа да саяси және әдеби кітаптар, газет, журналдармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілген. Сайлаушылар жұмыстан бос уақыттарында үгіт пункттеріне келіп, газет, журналдарды, сайлау материалдарын оқыйды. Әсіресе, үгіт пункттерінің меңгерушілері Паромонова, Қасенов, Байтұсов жолдастардың сайлаушылар арасындағы жұмыстары ерекше көзге түсуде.

Т. ЕСЕНОВ.

ҮГІТШІНІҢ ӘҢГІМЕСІ

Ново-рыбинка селолық Советінің жанындағы оқу үйінде үгіт пункті ұйымдастырылды. Оны оқу үйінің меңгерушісі Дедов жолдас басқарады. Үгіт пунктінің сайлаушылар жиі болып, партияның XIX съезінің материалдары, жергілікті Советтің сайлауы туралы әңгімелер тыңдайды, газет, журналдарды оқыйды.

Жақында біз үгіт пунктіне өткізілген бір әңгімеге қатыстық. Әңгімені Дедов жолдас өткізді, оның әңгімесіне 30 сайлаушы қатысты.

Сайлаушылар үгітшінің әңгімесінен кейін өзара пікір алды. Олар өздерінің сөздерінде колхоз құрылысының қамқоршысы — Коммунистік партия мен Совет үкметіне, кемеңгер көсеміміз Сталин жолдасқа сүйіспеншіліктерін білдірді.

Б. СӘЛМЕНОВ.
Преснов ауданы.

Мемлекет қаржысын үн

Колхоздардың ақша қаражаты колхоз шаруашылығын өркендету мүддесіне сәйкес жұмсалуга тиіс. Колхоз кассасына түскен ақша, еңалдымен, мемлекеттік банктегі ағымдағы есепке өткізіліп, сол арқылы алып, пайдаланылуға тиіс. Сауда орындарынан керекті заттарды алған күнде мемлекеттік банк арқылы сол сауда орынының есебіне қажетті соманы аудару қажет.

Міне, бұл талапты Преснов ауданындағы жөкелеген колхоз басшылары бұлжытпай орындап келеді. «Новый свет» және Ворошилов атындағы колхоздардың басшылары колхоз кассасына түскен ақшаны банктегі есебіне өткізіп, ақшаны ұқыптал жұмсауға жетісті.

Алайда, көптеген колхоз басшылары, колхоз есепшілері ауылшаруашылық артелінің қаржыларын үнемдеп жұмсауға жеткілікті назар аудармай келеді. Олар қаражаты өз беттерімен, өздерінің ұйғаруы бойынша жұмсап, ауылшаруашылық артелінің Уставын көріне-көзге бұрмалауға дейін барып жүр. Оған мынадай фактілер келтірейік: Калинин атындағы колхоздың бұрынғы председателі Шоқанаев есепшісі Шымжин алты ай ішінде колхоз кассасына түскен ақшаның 82 процентін мемлекеттік банкке өткізбестен, колхоздың керек-жарағына өз беттерімен ұстап қойған.

Абай атындағы колхоздың председателі

ның осының өз лады.

Егін өнімін жылдықтары ең міндетті мінсіз темгі егіске осы жүргізу қажет. ның басшылары ындағы кемшіл үстіміздегі жыл барлық көлемін зін қалауларына

ЯВЛЕНКА.

Оспанов, есепші колхоз кассасын процентін өз бе бой» колхозының бір тоқсаннан астам ақшаның бір банктегі есебіне «Организовани председателі Уи ко жолдастар кө жараққа төленет банктегі колхоз кемесіне аудару, ақшаны сауда

Калинин аты шыларының жа кассасында күн ақша сақталмаст

Ал, колхоз ба бұл заңды талаб сасында күн са ша сақтап келг

Мемлекет таң бұлжытпай оры оның орындалуы рудың орнына, дательдері өздер нанс төртібін бұ

Колхоз басшы лық артелінің нанс төртібін бұ лауының себебі бір колхоз басш шаруашылық ж

съезінің материалдарын насихаттауда

ло үгітшілеріне беріледі



ыздағы ауыл- село үгітшілерінің бір тобы: (солдан оңға — Полудень ауданы, Чапаев атындағы колхоздан, Ж. Қожаға — Орталық колхозынан, Ә. Баграмова — Ленин ауданы, «Еңбек» нева — Петропавл ауданы, «Луч-Ленина» колхозынан және Октябрь ауданы, Чапаев атындағы колхоздан.

Суретті түсірген А. Розенштейн.



ші өз дәрежесінде болуы керек

үгітшілерге зор күрделі жұмыс тілер бұқарасына саясатын насихаттау коммунистік қобұш-жігерін арт-не жалпы білімнің мол болуы жеткіліксіз. Ол өзінің бұқара арасындағы жұмысын әсерлі етіп ұйымдастыру үшін саяси үгіттің түрлі әдістерін игере білуі керек. Мен бұл жөнінде тәжірибелі үгітшілермен жиі әңгімелесіп, пікір алы-



Колхоз өмірінің айнасы

Бұл күндері колхозды ауылда зор қуаныш, қызған еңбек. И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі мен партияның XIX съезінің қарарлары елімізде коммунистік қоғам орнатудың тағаша перспективаларын көрсетіп берді. Бұл тарихи документтер колхозшы шаруаларды зор қуанышқа бөледі, олардың еңбекке деген жігерлерін еседеп арттырды.

Қабырға газетіне ауыл адамдары еңбектегі табыстарын жазды. Газет арқылы қоғамдық шаруашылықты өркендете беру жөнінде бағалы ұсыныстар жасайды, жұмыстағы кемшіліктерді батыл сынайды. Мәселен, біздің газеттің соңғы бір санында таңдаулы мал өсірушілердің бірі — комсомол мүшесі К. Әшімова жолдастың мақаласы жарияланды.

Ол екі жылдан бері жас төлдерді күтіп келеді. Быйыл оның қарамағында 1952 жылы туған 62 тәрпақ бар. Әшімова жолдастың қоғамдық малға алдын-ала жасаған қамқорлығының нәтижесінде, қазір, қыс күндері тәрпақтар жазғы қонынан айырылған жоқ. Ол өзінің мақаласында жұмыс тәжірибесін айтып, мал өсірушілерді қоғамдық малды қыстап шығынсыз, күйлі шығаруға шақырды.

Газеттің бұл номері мал өсірушілердің жыйналысында оқылды. Олар Әшімова жолдастың инициативасын қолдап, қоғамдық малдың күтімін жақсарту беретіндіктерін білдірді.

Осы сыяқты, қабырға газеті қыстау маңына мал азығын тасу жөніндегі жұ-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 3 январь. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Корей Халық армиясының бөлімдері қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірлесе отырып, өткен күні бұрынғы алып тұрған шептерінде американ-ағылшын интервенттеріне және лисынманшыл әскерлерге қарсы жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізуде болды деп хабарлады. Майдандарда ерекше өзгеріс болған жоқ.

Кеше түнде «В-29» америка бомбардировщиктері ешқандай соғыс объектісі жоқ Пхеньянның тұрғын кварталдарына шабуыл жасап, оларды аюандықпен бомбалауға ұшыратты. Бомбалаудың салдарынан көптеген тұрғын адамдар қаза тауып, ондаған үйлер мен жер үйлер қыйратылды.

Бүгін зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 5 самолетін атып түсіріп, 7 самолетін зияндады.



ПХЕНЬЯН, 4 январь. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің құрамалары өткен күні орталық майданның жекелеген учасоктерінде американ-ағылшын интервенттеріне және лисынманшыл әскерлерге қарсы жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар Корей Халық-Демократиялық Республикасының бейбіт қалалары мен селоларын аюандықпен бомбалауға және пулеметпен оқ жаудыруға қатысқан дұшпанның 5 самолетін атып түсіріп, 7 самолетін зияндады.

Американ авиациясының Кореяның қалалары мен селоларын аюандықпен бомбалауы

ПХЕНЬЯН, 3 январь. (СОТА). Американ авиациясы Солтүстік Кореяның бейбіт елді пункттерін аюандықпен бомбалауды әлі тоқтатқан жоқ. Американ әуе жөндеттері екі тәулік бойына күні-түні дамылсыз Пхеньян, Анчжу, Вонсан және басқа қалалар мен селоларға шабуыл жасауда. Теккана 2 январь күні Оңтүстік Пхенан провинциясының Жедон және Хансо уездеріне жасалған шабуылға ішінде «ұшқыш қамалдар» бар 50-ге жуық самолет қатысты. Дәл сол күні Нампхо төңірегіндегі селолар аюандықпен бомбалауға ұшырады. Американдар бомбамен жүзден артық шаруалардың үйлерін қыйратып кетті. Көптеген шаруалар, балалар,

Январьдың 2-нен 3-не қараған түнде реактивтік истребительдердің қолдауымен американ «ұшқыш қамалдары» Пхеньянға бірнеше рет шабуыл жасап, қала мен оның төңірегіне бірнеше жүз фугас және напалм бомбаларын тастады. Қаланың төңірегіндегі аудандар, әсіресе, оның батыс бөлегі корей қалаларының төңіректеріндегі деревиялар мен селоларды жаю үшін соңғы уақытта американ самолеттері қолданып жүрген напалм бомбалармен өртеп жіберілді.

3 январьға қараған түнде Пхеньянның шығыс ауданындағы Юлри кварталын аюандықпен бомбалаған кезде 150 үй орнымен жоқ болды. Көптеген әйелдер мен

сағат сайын қалың бұқараға насихаттай беру—үгітшілердің ең жауапты, әрі құрметті ісі.

Үгітші **Р. ЖУРАВЛЕВА,**

«Луч Ленина» колхозы, Петропавл ауданы.

Коммунистік партия, көмеңгер көсеміміз Сталин жолдас саяси үгітке бұқараны тәрбиелеудің маңызды құралы ретінде әрқашан зор маңыз беріп келеді. Партияның XIX съезінде жасаған баяндамада Г. М. Маленков жолдас идеологиялық жұмыстардың барлық саласында жоғары дәрежеде жүргізудің қажеттігіне ерекше тоқтады.

Ленин ауданындағы «Еңбек» колхозының колхозшылары бүкіл совет халқы сияқты СОКП-ның XIX съезінің қарарының, Сталин жолдасының «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегін зор қуанышпен қарсы атып, колхозды ауылды оған әрі гүлдендіре беру үшін қажырлылықпен еңбек етуде.

Бастауын партия ұйымы колхозшы шаруалардың саяси және өндірістік өрлеуін үнемі қолдап, олардың табыстан-табысқа жете беруінің ұйытқысы болып келеді. Партия ұйымы бұқара арасындағы саяси үгітті үгітшілер тобы арқылы жүргізеді. Колхозда 12 үгітші бар. Олардың әрқайсысы өз уақыттарында саяси үгіттің барлық түрлерін қолдана отырып, ауыл адамдарына партияның XIX съезінің қарарларын кеңінен насихаттауда. Үгітшілер Ыбраева, Ақметжанов, Халитов және басқа жолдастар өздерінің әңгімелерінің әсерлі болуына жетісіп келеді. Ауылдағы оңайлық мектеп, колхоз кеңесі, мал фермаларындағы қызыл мүйістер партияның XIX съезінің қарарларын насихаттайтын және сайлау алдындағы көрнекі үгітпен жабықталуда.

Алайда, ауылда саяси үгіттің дәрежесі

қырыбы — партияның XIX съезінің қарарларын насихаттау және жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік мәселелері. Мен әрбір әңгімені колхоз өмірімен тығыз байланыстырып өткізуге көп назар аударамын. Бұл үшін

БІЗДІҢ ТІЛЕГІМІЗ

қазіргі өскелең талаптарға толық сай емес екенін айтпауға болмайды. Демек, идеологиялық жұмыстың бұл участогі үгітшілердің әңгімелерімен немесе мектеп мұғалімдерінің баяндамаларымен ғана тыныш келеді.

Ауыл үгітшілері өздерінің саяси білімдерін үнемі толықтырып отыруды, саяси үгіттің түрлері мен әдістерін игере беруді қажет етеді. Сол сияқты, колхозшы шаруалар совет халқының тамаша зор табыстары, еліміздің ішкі және халықаралық жағдайы және басқа тақырыптар туралы лекциялар мен баяндамаларды жиі тыңдағысы келеді. Бірақ, аудандық партия комитеті колхозшы шаруалардың мұндай рухани өскелең талаптарын әлі де бөлсе қанағаттандыра алмай отыр. Бұлай дейтін себебіміз — партияның XIX съезі өткеннен бергі жерде колхозшылар аудандық партия комитетінің бірде-бір баяндамашыларын көрген емес.

Ал, үгітшілердің қусталық семинарлары соңғы жылдары шаруашылық науқандар, немесе сайлауға әзірлік кезінде ғана шақырылып келді. Өткен жылы декабрь айында үгітшілердің қусталық семинары шақырылғаны рас. Бірақ, бұл семинарларға үгітшілердің көпшілігі қатыса алмады. Онда оқылған баяндамалар мен лекциялардың идеялық дәрежесі төмен болды.

Аудандық комитеттің үгітшілермен жұмысқа жете мән бермейтіндігіне тағы бір мысал. Жуырда таңдаулы ауыл-село үгітшілерінің облыстық кеңесі болып

Үгіттің әсерлі болуы үгітшіден. Менің мақсатым — үгітті әсерлі өткізіп, колхозшы шаруаларды сталиндік бесінші бесжылдықтың міндеттерін ойдағыдай орындау күресіне жұмылдыру болып отыр.

Үгітші **З. ШАЛОВА.**

тердің болуына ауылдық Совет атқомі, оның председателі Нұрғалиев жолдастың мәдени-ағарту жұмысына немкетті қарауы себеп болып отыр.

Ж. ҚОЖАҒАЛИЕВА,
Оқу үйінің меңгерушісі.

өтті. Бұл кеңеске ауданнан 18 үгітші келуге тиіс еді. Бірақ, аудандық партия комитетінің үгітшілерді уақытында ұйымдастырып жібере алмауының салдарынан облыстық кеңеске небары 8-ақ үгітші қатысты.

Еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде киноның атқаратын ролі күшті. Алайда, искусствоның бұл саласымен ауыл адамдарының тілегі қамтамасыз етілмей келеді. Тіпті бір айда, немесе онан да артық уақытта желген көшпелі киноның өзі зрительдерге дұрыс көрсетілмейді. Облыстық, аудандық киноландыру басқармасы мен бөлімінің ауылдық жерлерде кинокартиналардың жиі болуына, оның дұрыс көрсетілуіне жете назар аудармайтындығына таңғамыз бар.

Партияның XIX съезінің қарарларын колхозшы шаруаларға кеңінен насихаттау үшін саяси үгіттің тұңғасы — үгітшілермен жұмыс мейлінше жақсартылып, түрлі тақырыптардағы лекциялар мен баяндамалар және кино картиналар жиі ұйымдастырылса екен. Біздің партия, совет ұйымдарына қоятын тілектеріміздің бірі міне, осындай.

Советтік баспасөз — үгіт насихат жұмысының, адам санасындағы капитализмнің қалдықтарына қарсы күрес жүргізуде күшті құрал болып келеді және бола да бермек. Облыстық «Ленин туы» газетінің бетінен облыс еңбекшілерінің саяси және өндірістік өрлеуі, патриоттық істері жөніндегі мақалаларды, қысқа хабарларды жиі оқуға болады.

Алайда, «Ленин туы» газетінің бетінде партия тақырыбына жазылған құнды мақалалар сирек кездеседі. Бастауын партия ұйымының үгіт коллективінің, таңдаулы үгітшілердің іс тәжірибелері аз жазылады.

Газет көбінесе үгіт-бұқаралық жұмыстар жөнінде жергілікті жерлерден қысқа хабарлар жариялаумен ғана қанағаттанып келеді.

Облысымызда тәжірибесін ларатуға тұрарлықтай ондаған таңдаулы үгітшілеріміз бар. Газет үлкен армиямен тығыз байланыс жасап, олардың тәжірибелерін зерттеп, жете насихаттап отыруы қажет.

Біз, үгітшілер, «Ленин туы» газетінен саяси үгіттің түрлері мен әдістері жөніндегі мақалаларды жиі, мазмұнды етіп жазып тұруын күтеміз. Газет бұл ісмен үгіт-насихат жұмысының өрісі кең, дәрежесі жоғары болуына зор үлес қосатыны сөзсіз.

Ауыл-село үгітшілері партия ұйымдарының басшылығына сүйене отырып, партияның XIX съезінің материалдарын еңбекшілер бұқарасына кеңінен насихаттайды. Жергілікті Советтердің сайлауы алдындағы саяси үгітті нәрменді ұйымдастырып, коммунистер мен партияда жоқтар одағының мызғымас бірлігінің тағы бір салтанат етуіне көмектессі.

З. БАГРАМОВА,

Ленин ауданы, «Еңбек» колхозының үгітшісі.

ке төленетін етіп, ауру талап етеді. Сингапурд

ВЕНА, 4 жас дәріп ұшырауда. ша оқу жас дәріп кейін ғана үш жыл о дегті. Осында дәрігер есеб Кәзіргі уа наларда ақи жас дәрігері.

«УДАРНИ

Бу

Сеанстар

Касса саға

Аста азаматта шеберлер Завс шерінде тын жер Түсті істеушіле сымша а мысқа ж Бұл жыйнайт жерлерде келіп түс

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет тап